

**6D070700 – «Тау-кен ісі» мамандығы бойынша
 философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған
 «Кен орындарын ашық әдіспен тиімді және қауіпсіз игерудегі параметрлерін сандық
 технологияларды қолданып негіздеу» тақырыбындағы
 Тұяқбай Әсем Серікқызының докторлық диссертациясына
 ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/ н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауаптардың біреуін белгілеу қажет)	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі) 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми- техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына	Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясымен бекітілген «Табиғи, оның ішінде су ресурстарын ұтымды пайдалану, геология, қайта өңдеу, жаңа материалдар мен технологиялар, қауіпсіз бұйымдар мен конструкциялар» атты басым бағытқа сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс №НИК-1803/2020 «Тау-кен-геологиялық жағдайды түзетуге байланысты «Көктасжал» ашық кеніштің жағдауларының орнықтылығын зерттеу» тақырыбындағы шаруашылық келісім-шарт шеңберінде орындалды.

	сәйкес (бағытын көрсету)	
2. Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған /ашылмаған.	Жұмыс маңыздылығы ашылған, ғылымға елеулі үлесін қосады және бұл жұмыстың негізгі мақсаты – Көктасжал аршығында бұрғы-жару жұмыстарын орындалу кезінде кертпеш қиябетінің бұрышын тегістеу жұмыстардың технологиялық тәсімдерін қамтамасыз ету болып табылады. Сонымен қатар, жағдау маңындағы жарықшақтарды анықтай отырып, бірнеше кертпештерде жарылысқа дейінгі және жарлыстан кейінгі маркшейдерлік аспаптық бақылау түсірілімі жасалынған. Жұмыстың өзектілігі пайдалы қазбаларды алудың толықтығын арттыру үшін игеру жүйелерін жетілдіруге бағытталған.
3. Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Өзі жазу деңгейі жоғары, оған докторанттың ғылыми жұмыстың мақсатын анықтап, зерттеу міндеттерін бекіту үшін мақалалар мен баяндамалардың тезистерін жазып, жоспарын құрғаны дәлел. Автор ғылыми жұмысты өзі жасады, онда ғылыми жаңалықты да, жұмыстың тәжірибелік құндылығын да анықтап берді.
4. Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі негізделген: бұрғы-жару жұмыстары орындалу кезінде жағдаулардың орнықтылығын қадағалап, тиісті алдын ала шараларды тиімді технологиялармен әзірлеу және негіздеу мәселелері қарастырылған. Жұмыс бойынша мәселе кеңінен және өте жоғары деңгейде талқыланған.

<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) <u>айқындайды;</u></p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды</p>	<p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды, демек диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбына сәйкес келеді және зерттелетін мәселенің мазмұны егжей-тегжейлі баяндалған. Көрсетілген ғылыми және тәжірибелік нәтижелер реттілікке ие.</p>
<p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді;</u></p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді, зерттеудің мақсаты цифрлық технологияны пайдалана отырып, тау-кен өндірісінің технологиялық міндеттерін шешу үшін ашық кеністің кертпештерінің қиябеттері мен жағдауларының орнықтылығының сенімді негіздемесін әзірлеу және қойылған міндеттерге сәйкес диссертациялық жұмыстың тиісті бөлімдерін қамтиды.</p>
<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан;</u></p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық толық байланысқан, жүргізілген зерттеулер логикалық дәйектілікпен сипатталатын ғылыми жұмыстың толық жүйесін қамтиды.</p>
<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар;</u></p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған, яғни диссертацияда сыни талдау бар. Осы талдау негізінде автор алдын ала саңылау технологиясын қолдана отырып, аршық жағдаулараның қиябеттері мен кертпештерінің қиябет бұрыштарын дұрыс анықтады. Автор ұсынған шешімдер экономикалық қол жетімділікпен ерекшеленеді және өнімділікті едәуір арттырады.</p>

